

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті

Медицина факультеті

Сапаны қамтамасыз ету жөніндегі комиссиясы мәжілісінің

№1 ХАТТАМАСЫ

23.10.2024 ж.

Түркістан қ., 2-корпус, 426 каб.

Катысқандар: комиссия төрайымы х.ғ.к., доцент А.К. Мамырбекова, комиссия мүшелері: м.ғ.к., аға оқытушы Ш.Ә. Кадирова, м.ғ.к., аға оқытушы И.Ж.Турметов, аға оқытушы Ш.А.Алдабергенова, ДҚДС-201 докторант Ж.Накипова, ММ-201 магистранты Ә.Тоқтасын, ЖМ-516 тобының студенті С.Орынбасар, әдістемелік жұмысты ұйымдастыру бөлімінің әдіскері М. Шалтаева, оқытушы Д.Б. Неметова.

КҮН ТӘРТІБІ:

1. «Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптарын және оларға сәйкестікті растайтын құжаттардың тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2024 ж. № 4 бұйрығы бойынша факультетте жүзеге асыратын Білім беру бағдарламаларының (6B10155- Жалпы медицина; 6B10188-Медицина; 7M10131- Медицина; 7M10144- Қоғамдық денсаулық сақтау; 8D10110- Медицина; 8D10111- Қоғамдық денсаулық сақтау) біліктілік талаптарына сәйкестігіне мониторинг жүргізу.

2. Қыркүйек-қазан айларында жүргізілген іс-шаралар нәтижелерін Комиссия мәжілісінде талдау.

1-ші сұрақ бойынша: Сапаны қамтамасыз ету жөніндегі комиссиясы төрайымы А.К. Мамырбекова сөз алып, күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша факультеттің 2024-2025 оқу жылына арналған Сапаны қамтамасыз ету жөніндегі комиссияның жоспарымен комиссия мүшелерін таныстырып, ағымдық оқу жылында қыркүйек-маусым айларында атқарылатын жұмыстарына және орындау мерзімдеріне, жауапты тұлғаларға назар аударды. Факультет құрамында 2024-2025 оқу жылынан бастап 5 кафедрада: Фундаментальды ғылымдар кафедрасы, Арнайы клиникалық пәндер, Ішкі аурулар, Қоғамдық денсаулық сақтау және ғылыми зерттеулер, Хирургиялық аурулар оқытушы – профессорлық құрамы оқу-әдістемелік, ғылыми-зерттеу және әдвайзерлік жұмыстар жүргізіледі.

Медицина факультетінде жоғары - бакалавриат және жоғары оқу орнынан кейінгі - магистратура, докторантура деңгейлердің алты білім беру бағдарламалары: 6B10155- Жалпы медицина; 6B10188-Медицина; 7M10131- Медицина; 7M10144- Қоғамдық денсаулық сақтау; 8D10110-Медицина; 8D10111- Қоғамдық денсаулық сақтау бойынша оқу процесі ұйымдастырылған. Осыған сәйкес «Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптарын және оларға сәйкестікті растайтын құжаттардың тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2024 ж. № 4 бұйрығы бойынша факультетте жүзеге асыратын Білім беру бағдарламаларының біліктілік талаптарына сәйкестігіне мониторинг жүргізу – факультеттің Сапаны қамтамасыз ету жөніндегі комиссиясының негізгі міндетінің бірі болып табылады. 2024-2025 оқу жылына келесі құжаттар кафедраларда жинақталып, жаңартылу қажет: 1-қосымша Оқу, оқу-әдістемелік және ғылыми әдебиеттер қорының болуы туралы мәліметтер; 5-қосымша Кадрларды даярлау бағытының білім беру бағдарламалары бойынша оқытушы

кадрлармен жасақталуы туралы мәліметтер; 8-қосымша Оқытылатын пәннің бейініне сәйкес оқытушылардың, сондай-ақ менеджмент саласында білім беру ұйымдарының басшылары үшін біліктілігін арттыру туралы мәліметтер; 9-қосымша Мамандандырылған ғылыми-техникалық/ғылыми-әдістемелік/ клиникалық/эксперименталдық базалардың, шығармашылық шеберханалардың, концерттік залдардың, көрме залдарының болуы туралы мәліметтер; 10-қосымша Жұмыс өтілі, ғылыми жарияланымдары мен оқулығы немесе оқу құралы көрсетілген тиісті кадрларды даярлау бағыты бойынша ғылыми жетекшілікті жүзеге асыратын ғылыми жетекшілер туралы мәліметтер. Кафедра меңгерушілері және кафедралардың оқытушы-профессорлар құрамы бұл құжаттардың болуына және жаңартылуына тікелей жауапты.

Шешімі: «Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптарын және оларға сәйкестікті растайтын құжаттардың тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2024 ж. № 4 бұйрығы бойынша факультетте жүзеге асыратын Білім беру бағдарламаларының (6B10155- Жалпы медицина; 6B10188- Медицина; 7M10131- Медицина; 7M10144- Қоғамдық денсаулық сақтау; 8D10110- Медицина; 8D10111- Қоғамдық денсаулық сақтау) біліктілік талаптарының орындалуын кафедра меңгерушілеріне жүктелсін және факультеттің Сапаны қамтамасыз ету жөніндегі комиссиясының бақылауына алынсын.

2-ші сұрақ бойынша: СҚК төрайымы А.К. Мамырбекова сөз алып, күн тәртібіндегі төртінші мәселе бойынша 2024 ж. қыркүйек-қазан айларында жүргізілген іс-шаралар туралы баяндап, олардың нәтижелері қанағаттанарлық деп тануды ұсынды.

Комиссия мүшелері бір ауыздан қолдады.

Шешімі: Факультеттегі 2024 ж. қыркүйек-қазан айларында жүргізілген іс-шаралардың нәтижелері қанағаттанарлық деп танылсын.

Мәжіліс төрайымы:



А.К. Мамырбекова

Мәжіліс хатшысы:



Д.Б. Неметова